

## Жамбыл ауылындағы №6 жаңа көшеге атау беру туралы

Жамбыл облысы Қордай ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімдігінің 2015 жылғы 06 сәуірдегі № 27 шешімі. Жамбыл облысының Әділет Департаментінде 2015 жылғы 29 сәуірде № 2630 болып тіркелді

**РҚАО ескертпесі:**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жамбыл ауылдық округінің Жамбыл ауылындағы №6 жаңа көшеге "Көгершін" атауы берілсін.

2. "Жамбыл ауылындағы № 7 жаңа көшеге атау беру туралы" Жамбыл ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 13 қаңтардағы № 8 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жамбыл ауылдық округі әкімінің орынбасары Е. Жексембековке жүктелсін.

4. . Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округінің әкімі*

*Д. Темир*